

**СЫН-ПІКІР**

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Иванова Ботагөз Абзалқызы

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: Ақтөбе облысы, Амангелді ауылын газбен жабдықтау.

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 37 бет

**ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР**

Дипломдық жоба бекітілген тапсырмаға сай орындалды. Жоба кіріспе, үш негізгі тараудан және қорытындыдан тұрады. Қарастырылып отырған елді мекеннің бас жоспарына сәйкес мәліметтер алынған және де сызбада аудандар анық көрсетілген. Жоба барысында елді мекеннің жылдық және сағаттық шығындары есептелді. Төменгі қысымды және орташа қысымды газ желілерінің сызбасы орындалған, жіне соған сәйкес гидравликалық есебі шығарылған. Құрылыс жинақтау жұмыстарының түрлері және соған сәйкес күнтізбелік жоспар сызылды

Дипломдық жобаға келесідей ескертпелер жасалды:

-орфографиялық қателіктер байқалды

-экономика бөлімі есебінде сандық қателіктер байқалды

**Жұмысты бағалау**

Жобаны орындау кезінде білім алушы Иванова Б.А. барлық тапсырмаларды сәтті орындады, газбен жабдықтауға қатысты барлық мәселелерді жоғары деңгейде зерттеді. Дипломдық жоба жақсы (80%) деген бағаға бағаланды. Иванова Б.А. 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры дәрежесін алуға лайықты.

**Сын-пікір беруші**

Доктор PhD, «ҚазТехносервис-П» ЖШС директоры

Парманов Ү.С.

(колы)

(аты-жөні)

«16»

05

2022 ж.



**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ**

**ПІКІРІ**

Дипломдық жобаға  
(жұмыс түрінің атауы)

Иванова Ботагөз Абзалқызы  
(білім алушының аты-жөні)

5В075200 - "Инженерлік жүйелер және желілер"  
(мамандық атауы және шифр)

**Тақырып:**

Ақтөбе облысы, Аманжолді ауылы газбен  
жабрықтау

Дипломдық жоба тапсырматан сай орындалған. Қаларатан газ тұтынушыларына байланысты жылдық және сәтаттан газ шығындары толықтырып есептелген. Сонымен қатар төлемді және орташа қысымды газ желілеріне гидравликалық есептеулер жүргізген. Әр бөлімдерге сай құбырлардың сызба материалдарына келтірілген.

Дипломдық жоба бойынша Иванова Б.А. теориялық білімдерін пайдаланып өз бетінше әрбір бөлімді. Оқуға есептеуге арналған құбырлар бағдарламаларын қолданды.

Иванова Ботагөз Абзалқызы 5В075200 - "Инженерлік жүйелер және желілер" мамандығы бойынша техника және технология бакалавр дәрежесін оқуға пайықты. Жоба бағасы 80%.

**Ғылыми жетекші**

Ауербеков С.М.

(колы)

«13» 05 2022 ж.

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті  
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

**Автор: Иванова Ботагөз**

**Тақырыбы: Ақтобе қаласы Ойыл ауданын газбен жабдықтау.docx**

**Жетекшісі: Сейлхан Ауельбеков**

**1-ұқсастық коэффициенті (30): 0.4**

**2-ұқсастық коэффициенті (5): 0**

**Дәйексөз (35): 0**

**Әріптерді ауыстыру: 1**

**Аралықтар: 3**

**Шағын кеңістіктер: 7**

**Ақ белгілер: 0**

**Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :**

☐ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

**Негіздеме:**

Күні 12.05.2022г

Кафедра меңгерушісі

Иванова К.  
ИИ

## Протокол

### о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

**Автор:** Иванова Ботагоз

**Соавтор (если имеется):**

**Тип работы:** Дипломная работа

**Название работы:** Актобе каласы Ойыл ауданын газбен жабдыктау.docx

**Научный руководитель:** Сейлхан Ауельбеков

**Коэффициент Подобия 1:** 0.4

**Коэффициент Подобия 2:** 0

**Микропробелы:** 7

**Знаки из здругих алфавитов:** 1

**Интервалы:** 3

**Белые Знаки:** 0

**После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:**

☐ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 12.05.2022

Заведующий кафедрой  
Иванова Р.  
Иванова

## Протокол

### о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

**Автор:** Иванова Ботагоз

**Соавтор (если имеется):**

**Тип работы:** Дипломная работа

**Название работы:** Актобе каласы Ойыл ауданын газбен жабдыктау.docx

**Научный руководитель:** Сейлхан Ауельбеков

**Коэффициент Подобия 1:** 0.4

**Коэффициент Подобия 2:** 0

**Микропробелы:** 7

**Знаки из здругих алфавитов:** 1

**Интервалы:** 3

**Белые Знаки:** 0

**После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:**

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 12.05.2022

проверяющий эксперт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Иванова Б.А.

Ақтөбе облысы, Амангелді ауылын газбен жабдықтау

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»


Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ  
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі  
техн. ғыл. канд., қауым. проф.  
 К.К. Алимова  
« 13 » 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға  
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: “Ақтөбе облысы, Амангелді ауылын газбен жабдықтау”

Мамандығы 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған



Иванова Б.А.

Пікір беруші  
ЖІПС “КазТехносервис-П” директоры  
 Парманов Ү.С.  
« 16 » 05 2022 ж.



Жетекші  
техн. ғыл. канд., қауым. проф.  
 Ауельбеков С.Ш.  
« 13 » 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

**БЕКІТЕМІН**

ИЖиЖ кафедра меңгерушісі  
техн. ғыл. канд., қауым. проф.  
 Алимова К.К.  
« 24 » 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Иванова Ботагөз Абзалқызы

Тақырыбы: Ақтөбе қаласы, Амангелді ауылын газбен жабдықтау

Университет Басшысының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489 - П/Ө  
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Ғимарат қабаттарының жобасы, сыртқы қоршаушы құрылымдар материалының сипаттамалары мен қаланың климаттық параметрлері

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім: Қаланы газбен қамтамасыз ету сипаттамасы. Қаладағы газ жұмсалудың жылдық шығындарын анықтау. Газдың сағаттық максималды шығынын анықтау. Газ желілерінің гидравликалық есебін және газ реттеу орындары және қондырғылары. Қауіпсіздік техникасы. Жер асты және жер асты газ желілерін пайдалану қауіпсіздігі;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы: Төменгі қысымды газ құбырларын қондыру жұмыстары.

в) Экономика бөлімі: Келтірілен шығын есебі және оптимальды нұсқаны таңдау

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)



1) Төменгі және орташа қысым сұлбасы; 2) Төмен қысымды газ құбырларының есептік сұлбасы; 3) Орташа қысымды газ құбырларының есептік сұлбасы; 4) Техникалық кара; 5) Газ реттеу қондырғысы.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 20 атаудан

**Дипломдық жобаны дайындау  
КЕСТЕСІ**

| Бөлімдер атауы,<br>қарастырылатын<br>мәселелер тізімі | Жетекші мен кеңесшілерге<br>көрсету мерзімдері | Ескерту  |
|-------------------------------------------------------|------------------------------------------------|----------|
| Негізгі бөлімі                                        | 03.02.2022-20.03.2022                          | ориндада |
| Құрылыс жинақтау<br>жұмыстарының<br>технологиясы      | 23.03.2022-07.04.2022                          | ориндада |
| Экономика бөлімі                                      | 03.04.2022-10.04.2022                          | ориндада |

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма  
бақылаушының аяқталған жобаға қойған  
**қолтаңбалары**

| Бөлімдер атауы                                   | Кеңесшілер,<br>аты, әкесінің аты, тегі<br>(ғылыми дәрежесі, атағы) | Қол қойылған<br>күн | Қолы                                                                                  |
|--------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|---------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
| Құрылыс жинақтау<br>жұмыстарының<br>технологиясы | И.З. Кашкинбаев<br>техн. ғыл. д-ры, профессор                      | 07.04.2022          |   |
| Экономика бөлімі                                 | С.Ш. Ауельбеков<br>техн. ғыл. канд., қауым.<br>профессор           | 06.04.2022          |  |
| Норма бақылау                                    | А.Н. Хойшиев<br>техн. ғыл. канд., қауым.<br>профессор              | 06.05.2022          |  |

Жетекші

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Күні

 Ауельбеков С.Ш.  
 Иванова Б.А.  
«24» 01 2022 ж.

## **АНДАТПА**

Менің дипломдық жұмысымда Ақтөбе облысы, Амангелді ауылын газбен жабдықтау жүйелері таңдалынып, сонымен қатар тұтынушылар пайдаланатын газдың жылдық сағаттық шығындары анықталды. Тұрғындардың саны есептелініп, қала ауданына сипаттама берілді. Сағаттық газ шығыныны есептелінді. Төменгі, орташа, жоғарғы газ желілеріне гидравликалық есептеулер орындалды. Газ реттеу орны технологиялық құбырларға гидравликалық есептеу жүргізілді.

Орташа қысымдағы газ желілеріне құрылысты ұйымдастыру және технологиясы кезінде қажетті есептеулер орындалды. Жоғары және орташа қысымдарға техника-экономикалық салыстыру орындалды, нәтижесінде оптималды нұсқасы қабылданды. Газ құбырларының гидравликалық есебі қарастырылды. ГРП жабдықтары таңдалды және есептелінді.

## **АННОТАЦИЯ**

В моей дипломной работе были выбраны системы газоснабжения села Амангельды Актюбинской области, а также определены годовые почасовые затраты газа, используемого потребителями. Подсчитано количество жителей, дана характеристика района города. Рассчитаны часовые потери газа. Выполнены гидравлические расчеты по нижним, средним, верхним газовым сетям. Произведен гидравлический расчет технологических трубопроводов газорегуляторного пункта.

Выполнены необходимые расчеты при организации и технологии строительства газовых сетей среднего давления. Выполнено технико-экономическое сравнение высокого и среднего давления, в результате чего принят оптимальный вариант. Рассмотрен гидравлический расчет газопроводов. Оборудование ГРП было выбрано и рассчитано.

## **ABSTRACT**

In my thesis, gas supply systems in the village of Amangeldy, Aktobe region were selected, as well as the annual hourly costs of gas used by consumers were determined. The number of residents was calculated and a description of the city's area was given. Hourly gas consumption was calculated. Hydraulic calculations for the lower, middle, and upper gas lines were performed. Place of gas regulation hydraulic calculation of process pipelines was carried out.

During the organization and technology of construction of medium-pressure gas networks, the necessary calculations were performed. A technical and economic comparison of high and medium pressures was made, as a result of which the optimal version was adopted. Hydraulic calculation of gas pipelines was considered. GRP equipment was selected and calculated.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                 |    |
|-----------------------------------------------------------------|----|
| <b>КІРІСПЕ</b>                                                  | 7  |
| <b>1 Негізгі бөлім</b>                                          | 8  |
| 1.1 Қаланы газбен қамтамасыз ету сипаттамасы                    | 8  |
| 1.2 Қаладағы газ жұмсалудың жылдық шығындарын анықтау           | 8  |
| 1.3 Газдың сағаттық максималды шығынын анықтау                  | 14 |
| 1.4 Газ желілерінің гидравликалық есебін анықтау                | 15 |
| 1.5 Газ реттеу орындары және қондырғылары                       | 23 |
| 1.6 Қауіпсіздік техникасы                                       | 25 |
| 1.7 Жер асты және жер асты газ желілерін пайдалану қауіпсіздігі | 26 |
| <b>2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы</b>             | 27 |
| 2.1 Төменгі қысымды газ құбырларын қондыру жұмыстары            | 27 |
| 2.2 Дайындық жұмыстар                                           | 27 |
| 2.3 Жер жұмыстары                                               | 27 |
| 2.4 Монтаждық жұмыстар                                          | 29 |
| 2.5 Қор қажеттіліктерінің есебі мен құрылыс бас жобасы          | 33 |
| <b>3 Экономика бөлімі</b>                                       | 34 |
| 3.1 Келтірілген шығын есебі және оптимальды нұсқаны таңдау      | 34 |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>                                                | 36 |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>                          | 37 |
| <b>ҚОСЫМШАЛАР</b>                                               |    |

## КІРІСПЕ

Қазіргі кезде қалаға жүйелер мен құрылымдарды тарату келесідей нұсқалардан тұрады: төмен, қысымы орта газ желілері сонымен қатар газ реттегіштерден құралған.

Газдың тоқтаусыз жүруін қамтамасыз ететін газбен қамтамасыз ету жүйесі болып табылады.

Және де ол жұмыстың ыңғайлы болуын, қарапайым, қауіпсіз пайдалануын, газдағы құбырлардың учаскілерін сонымен қатар элементін қарастырады.

Аз қысымды газдалған құбырларына жалпы халықтық ғимараттарды және үй жайларлы тұрмыстық тұтынушыны жатқызатын болсақ, ал үлкен өндірістік және тұрмыстық коммуналдық яғни жылу қолданушыларынан, ортаңғы қысымды газға аудандық қазандықтарды алуымызға болады. Ортаңғы қысымдағы газ қолданатындарға кірді жуатын мекемелерді, нан шығару мекемелерін жатқызуымызға болады. Әр түрлі қысымдағы арасындағы байланысқан газ құбырлары тек гидравликалық сыну немесе шкафтық ГРП болып табылады.

Үлкен тұтынушы яғни оларға қалаларда, шағын ғана аудандарда газ құбырларының магистральдық орташа қысымында бір қосу нүктесі бар.

Тарату желісі келтірілетін төмендеу қысымды газбен қамтамасыз ететін сенімділігін жоғарылату үшін тарататын желі ортаңғы қысымдағы, сақиналы, үй ішіндегі желілер және де кварталдың ішіндегі желілерді жобалауымызға болады. Орама ішіндегі және көшелік газ желілерін төсеу жүзеге асырылады жер асты тәсілімен. Таратушы газдың құбыры үйішілік желі ғимараттың периметрі арқылы жүргізіледі.

Бұл жүргізілген дипломдық жобамда Ақтөбе облысы, Амангелді ауылын газбен жабдықтау жүйесін жобалаған болатынмын. Диплом жобаға сәйкес әзірленді. Қолданыстағы ережелер мен нормаларға сонымен қатар санитарлық-гигиеналық, экологиялық және өртке қарсы тұра алатындай нормаларға сәйкес әзірленген. Сонымен қатар Қазақстан аумағындағы өмір сүру үшін қауіпсіз болатын яғни адамдардың денсаулығына қарастырылып, іс-шаралар жобасымен сәйкес әзірленді.

## 1 Негізгі бөлім

### 1.1 Қаланы газбен қамтамасыз ету сипаттамасы

Амангелді ауылын қыс мезгілінде сырттағы ауа температурасы минус 15,1°C, жылдық орташа ауа температурасы минус 6,2°C, жылытатын кезеңнің ұзақтығы – 199 күн.

Дипломдық жобам мен үшін Амангелді ауылын табиғи газбен қамтамасыз ету мүмкіндігі үшін қызықтыра алды. Қазіргі таңда газ желісі мүлде жүргізілмеген болып табылады. Тұрғындардың санының орташа тығыздығы 38 адам санын құрайды.

Ауылда жиналған газды пайдаланатындарға асханалар, нан пісіру мекемелерін, моншалар, халыққа қызмет көрсету орындарын жатқызамыз. Қысымы орташа құбырлы газ желілері бір сақина бойымен қамтылған сонымен қатар тармақтары бар қолданушыларға арналған.

Ал қысымы төмен құбырлы газ желілері жобаланады: сақиналы және жабық, сонымен қатар газ реттеу пункттерінің нәтижесінде жобаланады.

Пайдаланушыларға қажетті газдың шығынын келесі әдіс арқылы, яғни Ионин әдісі арқылы қарастыратын боламыз. А.1 кестеде Амангелді ауылының тұрғындарының санын есептеу көрсетілген.

### 1.2 Қаладағы газ жұмсалудың жылдық шығындарын анықтау

#### 1 Қала халқының санын есептеу

$$N = F_{\text{қала}} \cdot m = \text{га} \cdot \text{адам/га} = \text{адам.} \quad (1.1)$$

$$N = F_{\text{қала}} \cdot m = 191 \text{ га} \cdot 38 \text{ адам/га} = 7258 \text{ адам.}$$

#### 2 Тұрғын үйлердегі газдың жылдық шығыны

$$Q_{\text{т.у}} = \frac{y_{\text{п}} \cdot N \cdot (q_{\text{п.1}} X_1 + q_{\text{п.2}} X_2 + q_{\text{п.3}} X_3)}{q_{\text{т}}^{\text{к}}}, \text{ м}^3/\text{жыл.} \quad (1.2)$$

$$Q_{\text{т.у}} = \frac{1 \cdot 7258 \cdot (2800 \cdot 0 + 4600 \cdot 0,9 + 8000 \cdot 0,1)}{36700 \cdot 10^{-3}} = 0,976 \text{ м}^3/\text{жыл.}$$

#### 3 Тұрмыстық қызмет көрсету мекемелеріндегі газдың жылдық шығыны - кір жуу орындары

$$Q_{\text{у.к.ж.о}} = \frac{100 \cdot Z_{\text{кж.о}} \cdot y_{\text{кж.о}} \cdot N \cdot q_{\text{кж.о}}^{\text{к}}}{1000 \cdot Q_{\text{т}}^{\text{к}}} = \frac{100 \cdot 7258 \cdot 0,1 \cdot 0,4 \cdot 18800}{36700 \cdot 10^{-3}} = 0,014 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл.}$$

- моншалар

$$Q_M = \frac{Z_M \cdot Y_M \cdot N \cdot 52 \cdot q_M}{Q_T^K}, \text{ м}^3/\text{жыл.} \quad (1.3)$$

мұндағы  $Z_{\text{жж}}$ ,  $Z_M$  – тұтынушылар үлесі.

$Y_M$  – мекемелерді газбен қамту;

$Q_{\text{кт}}$  – газдың жану жылулығы, кДж/м<sup>3</sup>.

52 – бір адамның жылдық моншаға бару саны.

$$Q(Y_M) = \frac{0,1 \cdot 0,4 \cdot 7258 \cdot 52 \cdot 52}{36700 \cdot 10^{-3}} = 0,213 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл.}$$

Барлығы:

$$Q_{Y.T.K.K} = Q_{Y.K.J.O} + Q_{Y.M} = (0,014 + 0,213) \cdot 10^6 = 0,227 \text{ м}^3/\text{жыл.}$$

4 Қоғамдық тамақтану мекемелеріндегі газдың жылдық шығыны

$$Q_{Y.E.T.M} = \frac{360 \cdot Z_{\text{кт.м}} \cdot Y_{\text{кт.м}} \cdot N \cdot q_{\text{кт.м}}}{Q_T^K}, \text{ м}^3/\text{жыл.} \quad (1.4)$$

мұндағы  $Z_{\text{кт.м}} = 0,3$  – газбен қамтылатын тұрғындар үлесі;

$Y_{\text{кт.м}}$  – газбен қамту;

$q_{\text{кт.м}}$  – ертеңгі немесе кешкі және түскі асқа қажетті жылу мөлшері, МДж.

$$Q_{Y.K.T.M} = \frac{360 \cdot 0,3 \cdot 0,45 \cdot 7258 \cdot (4,2 + 2,1)}{36700 \cdot 10^{-3}} = 0,06 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл.}$$

5 Денсаулық сақтау мекемелеріндегі газдың жылдық шығыны

Есептеуді 1000 тұрғынға 12 орын келеді деп жүргіземіз. Газ шығыны ас және ыстық су дайындау үшін анықталады.

$$Q_{Y.D.C.M} = \frac{12 \cdot (Y_{\text{дсм}}^{\text{ас}} \cdot q_{\text{дсм}}^{\text{ас}} + Y_{\text{дсм}}^{\text{ы.су}} \cdot q_{\text{дсм}}^{\text{ы.су}}) \cdot N}{1000 \cdot Q_T^K}, \text{ м}^3/\text{жыл.} \quad (1.5)$$

$$Q_{Y.D.C.M} = \frac{12 \cdot (0,3200 + 0,3 \cdot 9200) \cdot 7258}{1000 \cdot 36700 \cdot 10^{-3}} = 0,006 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл.}$$

6 Наубайханалардағы газдардың жылдық шығыны

Тәулігіне 1000 кісіге 0,6-0,8 т нан бұйымы шығарылады деп қабылдағанда, газ шығыны мынаған тең.

$$Q_{Y.N.Z} = \frac{0,7 \cdot 365 / 1000 \cdot V_n \cdot N \cdot q_n}{Q_T^K}, \text{ м}^3/\text{жыл.} \quad (1.6)$$

$$Q_{y_{\pi}} = \frac{0,7 \cdot 365 / 1000 \cdot 0,4 \cdot 7258 \cdot 2500}{36700 \cdot 10^{-3}} = 0,050 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл.}$$

7 Өнім өндімейтін қызмет көрсету мекемелеріндегі газдың жылдық шығыны

Бұл мекемелерге сауда орындары, шаштараз, тігін шеберханалары және т.б. жатады. ҚН ҚР 4.03.01-2011\* бойынша бұл мекемелердің қажетіне жұмсайтын жылдық шығын жалпы тұрғын үйлердің 5үлес шамада қабылданады.

$$Q_{y.o.c.m} = 0,05 \cdot Q_{y.t.y.} = 0,05 \cdot 0,976 \cdot 10^6 = 0,048 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл.}$$

8 Өнеркәсіп мекемелеріндегі газдың жылдық шығыны

$$Q_{y.om} = \frac{Q_{ж}}{Q_T}, \text{ м}^3/\text{жыл.} \quad (1.7)$$

мұндағы  $Q_{ж}$  – өнеркәсіп мекемелеріндегі жылдық жылу шығыны, кДж/жыл.

$$Q_{y.o.m} = \frac{130 \cdot 10^9}{40000} = 3,25 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл.}$$

9 Жылыту, желдету және орталықтандырылған ыстық су дайындауға жұмсалатын газдың жылдық шығыны.

Қаладағы тұрғын үйлердің жалпы ауданын анықтау:

$$A = f \cdot 1,5 \cdot N \quad (1.8)$$

мұндағы 1,5 – жалпы ауданның тұрғын ауданға қатынасын көрсететін коэффициент;

$f$  – бір кісіге арналған тұрғын ауданның орташа мөлшері (12 м<sup>2</sup>/адам деп қабылданады).

$$A = 12 \cdot 1,5 \cdot 7258 = 130644 \text{ м}^2$$

а) Қоғамдық ғимараттарға, тұрғын үйлерге жылыту, желдетуге арналған жылудың максималды сағаттық ағымы

$$Q_{ж.max}^* = 159 \cdot 130644 \cdot (1 + 0,25) = 25,9 \text{ МВт.}$$

мұндағы  $K_1$  – қоғамдық ғимараттарды жылытуға жұмсалатын жылу ағымын көрсететін коэффициент, берілмеген жағдайда 0,25-ке тең;

$K_2$  – қоғамдық ғимараттарды желдетуге жұмсалатын жылу

ағымын көрсететін коэффициент 1985 жылдан кейінгі салынған ғимараттар үшін – 0,6, ал 1985 жылға дейінгі салынған ғимараттар үшін – 0,4 деп қабылданады;

$q_0$  – тұрғын үйлердің 1 м<sup>2</sup> жалпы ауданын жылытуға арналған жылу ағымының үлкейтіліп алынған көрсеткіші, Вт (4.3- кесте бойынша қабылданады);

$$Q_{vmax}^* = 0,25 \cdot 0,6 \cdot 159 \cdot 130644 = 3,1 \text{ МВт.}$$

мұндағы  $A$  – тұрғын үйлердің жалпы ауданы, м<sup>2</sup>

б) Жылыту, желдету және ыстық су дайындауға қажетті жылудың орташа мөлшері

- жылытуға 
$$Q_{жыл} = Q_{жылmax} \frac{t_1 - t_{жыл}}{t_1 - t_0} \quad (1.9)$$

$$Q_{жыл} = 25,9 \cdot \frac{18+6,2}{18+15,1} = 18,5 \text{ МВт.}$$

- желдетуге 
$$Q_{жыл} = Q_{желmax} \frac{t_1 - t_{жыл}}{t_1 - t_0} \quad (1.10)$$

$$Q_{vm} = 3,1 \cdot \frac{18+6,2}{18+15,1} = 2,2 \text{ МВт.}$$

- жылыту мерзіміндегі ыстық су дайындау

$$Q_{hm}^* = q_h \cdot N. \quad (1.11)$$

мұндағы  $q_h$  – ыстық сумен жабдықтау кезіндегі жылудың орташа ағымының 1 кісіге арналған үлкейтілген көрсеткіші, Вт (қоғамдық ғимараттардағы пайдалануды ескергенде) 4.2-кесте бойынша қабылданады;

$N$  – адам саны;

$$Q_{hm}^* = 320 \cdot 7258 \cdot 0 = 0 \text{ МВт.}$$

- жылыту мерзімі аяқталған кезде ыстық су дайындау

$$Q_{hm}^s = Q_{hm}^* \cdot \frac{55 - t_c^s}{55 - t_c} \cdot \beta. \quad (1.12)$$

мұндағы  $t_c$  – жылыту мерзіміндегі суық судың температурасы (берілмеген жағдайда 5°C деп қабылданады);

$t_{cs}$  – жылыту тоқтатылған мерзіміндегі суық судың температурасы (берілмеген жағдайда 15°C деп қабылданады);

$$Q_{hm}^s = 0, \frac{55-15}{55 \cdot 5} \cdot 0,8 = 0 \text{ МВт.}$$

Газдың жылдық мөлшері:

- жылытуға

$$Q_{у.жыл} = \frac{Q_{жыл} \cdot n_o \cdot 1,1}{Q_T^k \cdot \eta}, \text{ м}^3/\text{жыл.} \quad (1.14)$$

мұндағы  $n_o$  – жылыту мерзімінің ұзақтығы ;

$\eta$  – жылу көзінің пайдалы әсер коэффициенті ( $\eta = 0,8-0,95$  қабылданады.).

$$Q_{у.о} = \frac{18,9 \cdot 199 \cdot 1,1 \cdot 24 \cdot 3600}{36700 \cdot 10^{-3} \cdot 0,85} = 11,4 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл.}$$

- желдетуге

$$Q_{у.жел} = \frac{Q_{жел} \cdot n_o \cdot Z \cdot 1,1}{Q_T^k \cdot \eta} \text{ м}^3/\text{жыл.} \quad (1.16)$$

мұндағы  $Z$  – жылу мерзіміндегі қоғамдық үйлердің желдету жүйесінің орташа есеппен алғандағы тәуліктегі жұмыс жасау сағаты (берілмеген жағдайда 16 сағат деп қабылданады);

1,1 – қазандықтың желілерінде шығындалатын жылу мөлшерін көрсететін коэффициент.

$Q_T$  – газдың төменгі құрғақ жану жылулығы, кДж/м<sup>3</sup> ;

$$Q_{у.в} = \frac{2,2 \cdot 199 \cdot 16 \cdot 1,1 \cdot 3600}{36700 \cdot 0,85 \cdot 10^{-3}} = 0,889 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл.}$$

- ыстық су дайындауға

$$Q_{у.д} = \frac{[Q_{hm}^s + Q_{hm} \cdot (350 \cdot n_o)]}{Q_T^k \cdot \eta}, \text{ м}^3/\text{жыл.} \quad (1.17)$$

мұндағы  $Q_{hm}$  – тұрғын және қоғамдық үйлердің жылыту мерзіміндегі бір аптаның орташа тәулік мөлшерінде ыстық сумен жабдықтауға арналған жылудың орташа ағымы, Вт;

$Q_{hms}$  – бұл да жоғарыдағыдай, тек сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасының 8°C-тан жоғары мерзіміндегісі (жылу тоқталған мерзім), Вт;

350 – ыстық сумен жабдыкталған жғйенің жылдағы жұмыс жасау тәулігі.

$$Q_{y.h} = \frac{[0 \cdot 164 \cdot 1,1 + 0 \cdot (150 - 199)] \cdot 24 \cdot 3600}{36700 \cdot 0,85 \cdot 10^{-3}} = 0 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ.}$$

Жылу өндіргіш қондырғыларында жылыту, желдету және ыстық су дайындауға жалпы газдың шығыны:

$$Q_y = Q_{y.ж} + Q_{y.жел} + Q_{y.ы.су}, \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ.} \quad (1.18)$$

$$Q_{y.ovh} = (11,4 + 0,889 + 0) \cdot 10^6 = 23,6 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ.}$$

10 Ұсақ жылыту қондырғыларындағы газдың жылдық шығыны

$$Q_{y.ж.к} = X_2 \cdot (Q_{y.ж} + Q_{y.жел}) \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ.} \quad (1.19)$$

$$Q_{y.y.ж.к} = 0,1 \cdot (11,4 + 0,889) \cdot 10^6 = 2,36 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ.}$$

11 Төменгі қысымды газ желілеріне қосылатын тұтынушылардың жылдық газ шығыны

$$Q_{y.т.к} = Q_{y.т.у} + Q_{y.д.с.м} + Q_{y.о.о.м} + Q_{y.y.ж.к}, \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ.} \quad (1.20)$$

мұндағы  $Q_{y.т.у}$ ,  $Q_{y.д.с.м}$ ,  $Q_{y.о.о.м}$ ,  $Q_{y.y.ж.к}$  – жылдық газ шығындары, тұрғын үйлер, денсаулық сақтау мекемелері, өнім өндірмейтін тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері, ұсақ жылыту қондырғылары.

$$Q_{y.т.к} = (0,976 + 0,006 + 0,048 + 2,36) \cdot 10^6 = 3,39 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ.}$$

12 Орташа қысымды газ желілеріне қосылатын тұтынушылардың жылдық газ шығыны

$$Q_{y.о.к} = Q_{y.т.к.м} + Q_{y.к.т.м} + Q_{y.н} + Q_{y.о.м} \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ.} \quad (1.21)$$

$$Q_{y.о.к} = (0,213 + 0,06 + 0,050 + 0) \cdot 10^6 = 0,323 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ.}$$

13 Қаладағы газдың жалпы шығыны

$$Q_y = Q_{y.т.к} + Q_{y.ж.к} - (Q_{y.ж} + Q_{y.v}) \cdot (1 - X_2) + Q_{y.т}, \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ.} \quad (1.22)$$

$$Q_y = [3,39 + 0,323 + (11,4 + 0,889) \cdot (1 - 0,1) + 0] \cdot 10^6 = 14,77 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ.}$$

### 1.3 Газдың сағаттық максималды шығынын анықтау

Газдың жылдық шығыны белгілі жағдайда сағаттық максималды шығыны есептелінеді. Газбен жабдықтау жүйесіндегі газ желілерін жобалау кезінде тұтынушыларды газ қысымдары бойынша топ-топқа бөліп, олардың әрқайсысына арналған газдың сағаттық максималды шығынын анықтаған қолайлы.

Жергілікті газ тораптарын жобалау кезіндегі барлық газ үшін газды пайдалану қысымына байланысты тұтынушыларды газбен әр топ үшін газдың максималды есептелген сағаттық шығынын анықтайды жеке жүргізу керек.

Шағын қалалар үшін тұтынушылар (тұрғындар) бөлінеді келесідей:

- орташа қысымды газды тұтынушылар;
- төмен қысымды газды тұтынушылар.

Төмен қысымды газ тұтынушыларына мыналар жатады;

- тұрғын үйлер;
- Денсаулық сақтау орындары;
- шағын тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері;
- шағын күйдіру қондырғылары

Тұтынушылар үшін газдың максималды есептік шығыны анықталады төмен қысымды желілер:

Қоғамдық тамақтандыру, ірі коммуналдық және нан мен кондитерлік бұйымдар шығару мекемелерінің максималды сағаттық коэффициенттер А.2-кестеде келтірілген.

1 Төменгі газ желілеріндегі тұтынушылардың максималды газ шығынын анықтау

$$Q_{o.k.k.}^h = K_{max}^{hy} \cdot m^3/сағ. \quad (1.23)$$

$$Q_{dT.жк}^h = \frac{1}{2075} \cdot 3,39 \cdot 10^6 = 1633 \text{ м}^3/сағ.$$

мұндағы  $\frac{1}{2075}$  – максималды сағаттық коэффициенті, қаладағы адамның санына байланысты 4.5-кестеден қабылданады

$Q_y$  – тұтынушылардың жылдық газ шығыны,  $\text{м}^3/\text{жыл}$ ;

$K_{max}^h$  – сағаттық максимум коэффициенті, газдың жылдық шығынынан сағаттық шығынына өту коэффициенті.

2 Орташа қысымдағы газ желілеріндегі тұтынушылардың максималды газ шығынын анықтау

а) монша

$$Q_d^h = \frac{1}{2700} \cdot 0,213 \cdot 10^6 = 78,8 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

мұндағы  $\frac{1}{2700}$  – максималды сағаттық коэффициенті.

б) тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері

$$Q_d^h = \frac{1}{2900} \cdot 0,014 \cdot 10^6 = 4,83 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

в) қоғамдық тамақтану мекемелері

$$Q_d^h = \frac{1}{2000} \cdot 0,06 \cdot 10^6 = 30 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

г) наубайхана

$$Q_d^h = \frac{1}{6000} \cdot 0,126 \cdot 10^6 = 8,3 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

д) өндірістік кәсіпорын

$$Q_d^h = \frac{1}{5400} \cdot 3,25 \cdot 10^6 = 601 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

е) аудандық қазандық

$$Q_{da,к}^h = \frac{[(1-x_2) \cdot (Q'_{o\max} + Q'_{v\max}) + Q'_{hm}] \cdot 1,1 \cdot 3600}{Q_T^k \cdot \eta}, \quad (1.24)$$

$$Q_d^h = \frac{[(1-0,1) \cdot (25,9+3,1)+0] \cdot 1,1 \cdot 3600}{36700 \cdot 10^{-3} \cdot 0,85} = 3313 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Орташа қысымдағы тұтынушылардың жалпы газды пайдалануын анықтау

$$Q_{до,к}^h = (78,8+30+8,3+3313+1633) = 5063,1 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

#### 1.4 Газ желілерінің гидравликалық есебін анықтау

Гидравликалық есептеудің мақсаты – тұтынушыларды қажетті шығын мен қысымда қамтамасыз ететін құбырлар диаметрін анықтау.

Газ желілерінің гидравликалық есебінің жасалуына байланысты тұйық және айнала жабық болып бөлінеді. Газ тұйық жүйелерде тұтынушыларға бір ғана жолмен жеткізілсе, айнала жабық жүйелерде екі немесе одан да көп жолмен жеткізілуі мүмкін. Газдың жол-жөнекей шығыны тұйық бөліктерде

белгілі бір жолменен анықталатын болса, айнала жабық бөліктерде көптеген тәсілдермен анықтауға мүмкіндігіміз бар.

*Айнала жабық желілерді есептеудің бірінші кезеңі:*

1 Желілер сызбасы жүргізіледі

2 Бір кісіге шаққандағы газ шығыны ( $e$ ) анықталады:

$$e = \frac{Q_{d.T.K}^h}{N}, \text{ м}^3/\text{сағ. адам.} \quad (1.25)$$

$$e = \frac{1633}{7258} = 0,224 \text{ м}^3/\text{сағ. адам.}$$

3 Белгілі халық тығыздығы  $m$ -мен бір кісіге шаққан шығын көмегімен әрбір газ тұтынушы аймақтарындағы қажетті шығын анықталады.

$$Q_d^h = N_i \cdot e \quad (1.26)$$

мұндағы  $N_i$  – газ тұтынушы елді мекеннің ауданы, га.

4 Әрбір аймақтарға ұзындыққа шыққандағы газ шығынын анықтау

$$q_d^h = \frac{Q_d^h}{\Sigma l}, \text{ м}^3/\text{сағ} \cdot \text{м.} \quad (1.27)$$

мұндағы  $\Sigma l$  – аймақтарға газ жеткізетін құбырлар ұзындықтарының қосындысы, м.

5 Газдың есептеу шығынын анықтау.

Бұған дейін газ реттеу орынның (ГРО) саны, оның желілер сызбасы, әрбір бөліктер саны, газ бағыттары және түйісу нүктелері анықтауға тиісті.

ГРО-ның саны келесі өрнекпен анықтауға болады:

$$n = \frac{Q_{d.T.K}^h}{Q_{opt}} = \frac{1633}{1200} = 1,36 = 2 \text{ дана.}$$

мұндағы  $Q_{d.T.K}^h$  – төменгі қысымдағы газдың сағаттық тығыны,  $\text{м}^3/\text{сағ}$ ;

$Q_{opt}$  – ГРО-ның оптимальды газ желілеріне берілетін шығын (практика жүзінде 1200-2000  $\text{м}^3/\text{сағ}$ . аралығында қабылдап алуға болады).

Әрбір бөліктегі газ шығыны мынадай болады.

$$Q_b = 0,55Q_{ж} + Q_{ж.ж.} \text{ м}^3/\text{сағ} \quad (1.28)$$

мұндағы  $Q_{ж}$  – әрбір бөліктегі газдың жолдық шығыны;

$$Q_{ж} = q_{d.б.ол.}^h \cdot l_{б.ол.} \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.29)$$

мұндағы  $Q_{ж.ж.}$  – қарастырып жатқан бөліктер арқылы келесі бөліктерге өтетін газдың жол-жөнекей шығыны,  $м^3/сағ$ .

#### *ГРО-1 ге қажетті есептеулер*

Барлық кескіндердегі ұзындыққа шаққандағы газ шығынын анықтаймыз, ол А.3 кестесінде көрсетілген.

Бөліктердегі газдың жолдағы мен жол-жөнекей шығындарын есептеу нәтижелері 1.3-кестеде берілген.

Газ ағымының алғашқы бөлінуін белгілейміз. Үш түйісу нүктелері – 14, 4, 7 және 8,1 тұйық тармақтар көрсетілген. Бөліктердің бірін-бірі алмастыру арқасында жұмыс сенімділігін арттыру тұрғысынан қарағандағы ең тиімді бір кескінді көріп отырамыз. Оның ерекшелігі – газ көзімен жалғасып жатуда. Ол II айнала жабық желі. Бұл желі ондағы кейбір бөліктердің істен шыққан уақытында қосымша шығынды өткізетін қабілетте болуға тиісті.

Түйісу нүктелерін анықтаған кезде екі жақтан келген ағымдар шығыны бірдей болғаны жөн. Оларды газ келу кезінде қарама-қарсы бетте қабылдаған дұрыс. Түйісу нүктелерінің белгіленуі көршілес айнала жабық желілердегі жол-жөнекей тарататын шығындарды анықтауға мүмкіндік береді.

Түйісу нүктесіне жалғанған тұйық бөліктердің шығынын аз шығын тасымалдаушы бағытқа қосу керек. Барлық бөліктердегі газдың жолдағы мен жол-жөнекей шығындарын есептеуді А.2 кестені пайдалана отырып жүргіземіз.

Анықталған шығындардың дұрыстығын тексеру:

ГРО - 1

1) 35-8 бөлігі:  $Q_{гро} = (Q_{ж} + Q_{жж}) = (25,2558 + 64,4470) = 89,7028 \text{ м}^3/сағ$ ;

2) 35-10 бөлігі:  $Q_{гро} = (Q_{ж} + Q_{жж}) = (20,7302 + 93,6591) = 114,3893 \text{ м}^3/сағ$ .

Барлығы:  $89,7028 + 114,3893 = 204,0921 \text{ м}^3/сағ$ .

ГРО - 2

1) 34-30 бөлігі:  $Q_{гро} = (Q_{ж} + Q_{жж}) = (54,4860 + 380,3204) = 434,806 \text{ м}^3/сағ$ ;

2) 34-29 бөлігі:  $Q_{гро} = (Q_{ж} + Q_{жж}) = (126,6298 + 742,602) = 869,2318 \text{ м}^3/сағ$ .

Барлығы:  $434,806 + 869,2318 = 1304,037 \text{ м}^3/сағ$ .

Барлығы:  $204,0921 + 1304,037 = 1508,13$

Ескерту: егер кейбір тұтынушылардың орналасу орны белгілі болса, онда олардың жалғану нүктесі де дәлірек анықталады.

Әр бөліктердегі газдың есептеу шығыны белгілі болған соң құбырлардың диаметрін анықтауға кірісеміз.

Жергілікті кедергілерді қосып есептегендегі газ қысымының жұмсалуды мынаған тең:

$$\Delta P_{\text{ж}} = \frac{\Delta P_{\text{с}}}{1,1} = \frac{1000}{1,1} = 910 \text{ Па.} \quad (1.28)$$

Газ көзінен тарайтын әрбір бағыттағы желілердегі ұзындыққа шаққандағы қысым жұмсалуды анықтаймыз.

- 1) 8-6-13-15 бағыты  $l = 676 \text{ м}$ ;  $\Delta P/l = 910/676 = 1,34 \text{ Па}$ .
- 2) 8-4-2-17-15 бағыты  $l = 770 \text{ м}$ ;  $\Delta P/l = 910/770 = 1,18 \text{ Па}$ .
- 3) 1-2-3-4 бағыты  $l = 1294 \text{ м}$ ;  $\Delta P/l = 910/1294 = 0,703 \text{ Па}$ .
- 4) 1-5-4 бағыты  $l = 610 \text{ м}$ ;  $\Delta P/l = 910/610 = 1,49 \text{ Па}$ .
- 5) 1-2-8-7 бағыты  $l = 1107 \text{ м}$ ;  $\Delta P/l = 910/1107 = 0,822 \text{ Па}$ .
- 6) 1-5-6-7 бағыты  $l = 1087 \text{ м}$ ;  $\Delta P/l = 910/1087 = 0,837 \text{ Па}$ .

Номограмма көмегімен есептеу шығыны мына ұзындыққа шаққандағы қысым жұмсалуды бойынша диаметрді қабылдаймыз. Есептеу нәтижелерін А.5-кестесіне толтырамыз.

Айнала жабық желілердегі үйлеспеушілікті анықтағанда 10 пайыз-дан кеткен жоқ. Есептеу дұрыс орындалған. Ол А.5 кескінде көрсетілген.

#### Тұйық тармақтарды гидравликалық есептеу.

Есептеу кезінде ескертілген жағдай қабылданған жұмсалатын қысымды толығынан пайдалану. Есептеуді 2-1 тармағына жүргізе отырып түсіндірейік.

2-1 тармағында жұмсалған қысым.

$$\Delta P_{2-1} = \Delta P - \sum \Delta P_{\text{т.д.}} = 1000 - \sum \Delta P_{8-4-2} = 1000 - (287,353 + 290,4) = 1000 - 577,753 = 422,247 \text{ Па.}$$

$$\Delta P_{2-3} = \Delta P - \sum \Delta P_{\text{т.д.}} = 1000 - \sum \Delta P_{8-4-2} = 1000 - (287,353 + 290,4) = 1000 - 577,753 = 422,247 \text{ Па.}$$

$$\Delta P_{6-9} = \Delta P - \sum \Delta P_{\text{т.д.}} = 1000 - \sum \Delta P_{1-5-6} = 1000 - (88,704 + 893,255) = 1000 - 981,959 = 18,041 \text{ Па.}$$

Есептеу нәтижелерін А.6-кестесіне толтырамыз.

Төменгі қысымдағы газ желілерін гидравликалық есептеулері аяқталды.

*Жоғары (орташа) қысымдағы газ желілерін гидравликалық есептеу әдісі*

Бұл желілер айнала жабық және тұйық болып орындалады. Кішігірім қалаларда бір ғана, ал үлкен қалаларда бірнеше айнала жабық желілер қабылданады.

Орташа (жоғары) қысымдағы газ желілерін апатты жағдайға байланысты есептейді.

Газ желілерінде апатты жағдайда шығынды келесі өрнекпен анықтайды:

$$Q_A = K_K \cdot Q_{d,i}^h, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.29)$$

мұндағы  $Q_{d,i}^h$  – тұтынушылардың (өнеркәсіп мекеме, қазандықтар және т.б.) максималды есепті газ шығыны,  $\text{м}^3/\text{сағ}$ ;

$K_K$  – апатты жағдайда тұтынушылардың газ шығынының төмендеуі (қамтамасыз коэффициент).

Әр тұтынушыларға түріне байланысты қамтамасыз коэффициенттердің мәні А.7-кестеде берілген.

Гидравликалық есептеуді жүргізуге қажетті көрсеткіштер:

- тұтынушыларға қажетті есептеу газ шығыны  $Q_e$ ,  $\text{м}^3/\text{сағ}$ ;
- газдың бастапқы қысымы  $P_b$ , кПа;
- газдың соңғы қысымы  $P_c$ , кПа;
- желілер істен шыққан кезеңдегі тұтынушыларды қамтамасыз ету коэффициенті  $K_K$ .

*Айнала жабық желілерді гидравликалық есептеу.*

Бұл желілерді есептеудің тұйық желілерді есептеуден айырмашылығы газ көзіне жақын бөліктердің істен шыққан кезеңін қарастыруында.

1 Газ желісінің нобайы сызылып, әрбір бөліктердің саны мен ұзындықтары анықталады.

2 Ең қолайсыз екі кезеңдер (газ көзінің оң және сол жақтарындағы бөліктер істен шыққандағы) белгіленеді.

3 Басты бөліктен істен шыққан кезеңдердегі (апатты жағдай) тұтынушыларға қажетті газ шығындары анықталады.

$$Q_{d.A.}^h = 0,59 \Sigma K_K \cdot Q_i, \text{ м}^3/\text{сағ} \quad (1.30)$$

мұндағы 0,59 – желілердегі қосымша шығынның белгілейтін коэффициент;

$Q_i$  – тұтынушылардың есептеу шығыны,  $\text{м}^3/\text{сағ}$ .

4 Айнала жабық желілердің бір немесе көбі екі диаметрден құрылуы жұмыс сенімділігін арттырады деген тұрғыдан желілердегі жалпы есептеу шығынын анықтаймыз  $Q_e = 0,59 \cdot \Sigma Q_{i,ш.}$

5 Ұзындыққа шаққандағы жұмсалатын қысымдар квадратын анықтау

$$\frac{\delta P^2}{1} = \frac{P_0^2 - P_c^2}{1,1 \cdot \Sigma L_{ж.ж.}}, (\text{кПа})^2/\text{м} \quad (1.31)$$

мұндағы  $\Sigma l_{a.ж.ж.}$  – айнала жабық желілер ұзындығы (істен шыққан бөлік ұзындығын есептегенде), м;

1,1 – жергілікті кедергілерде қысым жоғалу коэффициент.

6  $Q_c$  және  $\frac{\delta P^2}{1}$  көрсеткіштеріне қарап номограммадан диаметр қабылданады.

Осы қабылданған диаметрге сәйкес екі кезеңге де есептеулер жүргіземіз. Қабылданған диаметрлер дұрыстығы екі кезеңге де мына теңдеумен тексеріледі.

$$\Delta P_c = \sqrt{P_0^2 - \sum_{i=1}^n \Delta P^2}, \text{ кПа.} \quad (1.32)$$

Анықталған соңғы қысым алдын ала қабылданған дәрежеден көп болуы керек. Аз болған жағдайда кейбір бөліктер диаметрлері өзгертіледі.

7 Істен шыққан бөлшегі үшін шешілген диаметрлерді бірдей кезең уақытында тексеру. Газды желідегі нүктелердің түйісуін анықтап, есептеулерін қайта жүргіземіз. Нүктелердің түйісуіндегі қатесі  $\delta$  төменгі қысым кезінде табылған жолмен есептелінеді. Қажет болған жағдайда дұрыстау шығыны есептеледі.

8 Тұйық тармақтарды гидравликалық есептеу

Есептеу жүргізгенде бастапқыда істен бұзылған яғни шыққан бөлімдеріне жүргізіп, шыққан диаметрді қалыпты жағдайатта тексеріп көреміз. Істен шығып отырған кезеңдер үшін әрбір тармақтар алдындағы қысым анықталынады. Сол шыққан есептеулердің аз шыққан мәніне келесі есептеуді жүргізетін боламыз. Сонымен қатар қабылдап отырған диаметрлеріміз бен соңғы қысымды айналасы жабық желі есептеулерін берілген нұсқадай тексереміз.

Келесі жүргізулерді гидравликалық есептеулерге орындайық.

Апатты жағдайдағы тұтынушы халықтың газ шығыны келесідей.

$$\begin{aligned} Q_{A,м} &= K_k Q_{d,i}^h & (1.33) \\ Q_{A,м} &= 0,6 \cdot 78,8 = 47,28 \text{ м}^3/\text{сағ} \\ Q_{A,кгм} &= 0,7 \cdot 30 = 21 \text{ м}^3/\text{сағ} \\ Q_{A,к} &= 0,75 \cdot 391,29 = 2484,75 \text{ м}^3/\text{сағ} \\ Q_{A,гро} &= 0,8 \cdot 816,5 = 653,2 \text{ м}^3/\text{сағ} \\ Q_{A,юко} &= 0,6 \cdot 4,83 = 2,898 \text{ м}^3/\text{сағ} \\ Q_{A,өм} &= 0,8 \cdot 601 = 480,8 \text{ м}^3/\text{сағ} \\ Q_{A,нх} &= 0,85 \cdot 8,3 = 7,05 \text{ м}^3/\text{сағ} \end{aligned}$$

1 Құбырлардың диаметрін қабылдауға қажетті айнала жабық желілердегі апатты газ шығыны.

$$Q_{d \text{ ая.}}^h = 0,59 \cdot \sum_{i=1}^h k_{06} Q_i \quad (1.34)$$

$$Q_{d \text{ ая.}}^h = 0,59 \cdot \sum_{i=1}^h k_{06} Q_i = \\ - 0,59 \cdot 0,6 \cdot (78,8 + 30 + 8,3 + 3313 + 1633) = 1792,33 \text{ м}^3/\text{сағ.}$$

Ұзындыққа шаққандағы қысым жұмсалыу квадратын анықтаймыз:

$$\frac{\delta p^2}{1} = \frac{p_n^2 - p_k^2}{1,1 \cdot \sum l_{yч}} = \frac{400^2 - 210^2}{2656} = 43 \frac{(\text{кПа})^2}{\text{м}} \quad (1.35)$$

мұндағы 1,1 – 10 пайыз-деп қабылдағандағы жергілікті кедергілерге жұмсалатын қысым.

Ең басты 1-2 және 1-9 бөліктері істен шыққан кезеңге есептеулер жүргіземіз. Шығындарды анықтағанда қамту коэффициенттерін қоса есептейміз  $Q_i = K_k \cdot Q_i$ . Есептеуді А.8-кестесіне толтыра отырып жүргіземіз.

Айнала жабық желі соңындағы нүктелердегі қысымды анықтау;  
1-9 бөлігі істен шыққан кезең.

$$\delta p_k^p = \sqrt{p_n^2 - \sum \delta \cdot p_{yч}^2} \quad (1.36)$$

$$\delta p_k^p = \sqrt{p_n^2 - \sum \delta \cdot p_{yч}^2} = \sqrt{160000 - 104539} = 235 \text{ кПа}^2$$

1-2 бөлігі істен шыққан кезең:

$$\delta p_k^p = \sqrt{p_n^2 - \sum \delta \cdot p_{yч}^2} = \sqrt{160000 - 112538} = 217 \text{ кПа}^2$$

Екі жағдайдағы соңғы қысымдар тұйық тармақтарды есептеуге жеткілікті. Сол себепті таңдалған диаметрді қалдыруға болады.

Істен шыққан кезеңдердегі газ шығынына тұйық тармақтарды есептейміз. Диаметрлерді қабылдау кезінде ескертетін жағдай тармақтар соңындағы қысым қабылданған 210 кПа кем болмауы керек.

Есептеуді І-тармаққа жүргізейік.

а) 1-10 бөлігі істен шыққан кезеңдегі тармақ басындағы қысым

$$\delta p_k^2 = \sqrt{p_6^2 - \sum \delta \cdot p_{yч}^2} = \sqrt{160000 - 104539} = 235 \text{ кПа}^2$$

б) 1-2 бөлігі істен шыққан кезең

$$\delta p_k^2 = \sqrt{p_н^2 - \sum \delta \cdot p_{yч}^2} = \sqrt{160000 - 112538} = 217 \text{ кПа}^2$$

мұндағы 104539 мен 112538 газ кезінен есептеліп отырған тармаққа дейінгі жұмсалаған қысым қосындылары 1.5-кестесінен қабылданады. 217 кПа<sup>2</sup> қысым 235 кПа<sup>2</sup> қысымынан аз болғандықтан есептеуді 1-9 бөлігі істен шыққан кезеңге жүргіземіз.

в) ұзындыққа шаққандағы қысым жұмсалуды квадратының орташа мәнін табамыз

$$\frac{\delta p^2}{l} = \frac{p_{pl}^2 - p_{kl}^2}{1,1 \cdot 100} = \frac{217^2 - 210^2}{110} = 27 \frac{(\text{кПа})^2}{\text{м}}. \quad (1.37)$$

г) номограмма көмегімен (шығын 430 м<sup>3</sup>/сағ.), 57х3 диаметрін қабылдап, осы диаметрге сәйкес нақты ұзындыққа шаққандағы жұмсалған қысым квадратын анықтаймыз

$$\frac{\delta p^2}{l} = 27 \frac{(\text{кПа})^2}{\text{м}}.$$

е) тармаққа жұмсалған қысым квадратын табамыз

$$\delta p^2 = 27 \cdot 100 \cdot 1,1 = 2970 \text{ кПа}^2 \quad (1.38)$$

д) тармақ соңындағы қысымды анықтаймыз

$$\delta p_{kl}^2 = \sqrt{p_н^2 - \delta p_{отв}^2} = \sqrt{217^2 - 2970} = \sqrt{47089 - 2970} = 210 \text{ кПа}^2 \quad (1.39)$$

Қабылданған диаметрді қалдырамыз.

Гидравликалық есепті қалыпты жағдайдағы жүргізу.

Газ кенінен екі бағытта жылжыған ағымдардың алғашқы бөлінуін анықтап, түйісу нүктелерін қарастырамыз. Түйісу нүктелері желі бойында қабылданады. Қарама-қарсы жылжыған газ шығындары бірдей болған жөн. Түйісу нүктелерінен ағымдарға қарсы бағытпен жылжи отырып, газ шығынын анықтаймыз. Есептеуді А.9-кестесін толтыра отырып жүргізейік.

## 8 Үйлеспеушіліктің пайызын анықтау

$$\Delta \text{пайыз} = \frac{28214}{0,5 \cdot 53664} 100\% = 1,05 < 10 \text{ пайыз} \quad (1.40)$$

9 Әр бөлікке  $\frac{\delta p_i}{Q_{e i}}$ , қатынасын анықтаймыз. Әр шеңберге төмендегідей түзету шығынын анықтау.

$$Q = - \frac{\sum \delta P^2}{2 \left( \sum \frac{\delta P^2}{Q_e} \right)} = \frac{28214}{2 \cdot 20,23} = -6,9 \quad (1.41)$$

*Істен шыққан кезеңдерге қабылданған тармақтар диаметрін қалыпты жағдайда тексеру.*

Ол үшін белгілі диаметрге сәйкес қалыпты жағдайда есептеулері нәтижелерін қолдана отырып, тармақтардың басындағы және соңындағы қысымдарды анықтаймыз. Соңғы қысым қабылданған 210 кПа-дан аз болмаса, диаметрлердің жарағаны. Есептеу нәтижелерін А.10-кестесіне толтырамыз.

Осымен жоғарғы қысымдағы айнала жабық желінің гидравликалық есептеуі аяқталды.

## 1.5 Газ реттеу орындары және қондырғылары

Қажетті көрсеткіштер; газ шығыны 1633 м<sup>3</sup>/сағ, газдың басты қысымы 90 кПа ГРО кейінгі қысым 3 кПа.

Құбырдағы қысым жұмсалуды, кранда, жабылмалы сақтандырғыш клапанда, сүзгіде қысым жұмсалуды алдын ала 7 кПа деп қабылдаймыз.

1 Реттегіштегі жұмсалатын қысым анықталады

$$\Delta P = \Delta P = P_1^{min} - P_2 - \Delta P_{ж} = 90 - 7 - 3 = 80 \text{ кПа}. \quad (1.42)$$

мұндағы  $P_1^{min}$  – қысым реттегіш алдындағы газ қысымының минималды мөлшері, МПа;

$P_2$  – реттегіште кейінгі қысым, МПа;

$\Delta P_{ж}$  – газ реттеу орындағы жұмсалған қысым, МПа.

2 Қысым реттегішінің жұмыс кезеңін анықтаймыз

$$\frac{\Delta P}{P_1} = \frac{80}{190} = 0,42 < 0,5. \quad (1.43)$$

Қысым реттегіш клапанан өткен газ ағымының шекті мөлшеріне дейінгі кезең.

3 Қысым реттегіштен кейінгі өткізу қабілетін анықтаймыз

$$K_v = \frac{1633}{5260 \cdot 0,8 \sqrt{\frac{0,19 \cdot 0,08}{0,73 \cdot 273 \cdot 1}}} = 45$$

4  $K_v = 51$ ; РДУК-2-50/35 қабылдаймыз. Өткізу қабілетін тексереміз

$$Q_0 = 5260 \cdot K_v \cdot \varepsilon \cdot \sqrt{\frac{\Delta P \cdot P_1}{\rho_0 \cdot T \cdot z_1}} \quad (1.44)$$

$$Q_0 = 5260 \cdot K_v \cdot \varepsilon \cdot \sqrt{\frac{\Delta P \cdot P_1}{\rho_0 \cdot T \cdot z_1}} = 5260 \cdot 46 \cdot 0,8 \sqrt{\frac{0,19 \cdot 0,08}{0,73 \cdot 273 \cdot 1}} = 1680 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

мұндағы  $K_v$  – қысым реттегішінің газ өткізу қабілеті;

$\xi, \xi_{ш}$  – газдың тығыздығынан өзгеруін көрсететін коэффициенті номограммадан қабылдаймыз;

$z_1$  – газ сығылу коэффициенті;

$\Delta P$  – реттегіште жұмсалған қысым, МПа;

$P_1$  – қысым реттегіштен кейінгі қысым МПа;

$\rho_0$  – газдың тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;

$T$  – қысым реттегішке дейінгі температура, К.

Өткізу қабілеті шығыннан 16пайыз асты, ҚНЖЕ РК 4.03-01-2011 қанағаттандырады.

5 Қылды сүзгіні  $D=100\text{мм}$  қабылдаймыз. Қысым жұмсалуды есептейміз.  $P_2=700 \text{ кПа}$ ;

$$\Delta P = 5 \text{ кПа}; \rho = 0,73 \text{ кг/м}^3; Q = 15000 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Сүзгідегі қысымды анықтаймыз

$$\Delta P_c = \left(\frac{Q}{Q_c}\right)^2 \cdot \Delta P_{ж} \cdot \frac{P_{2,кест}}{P_2} \cdot \frac{\rho_0}{\rho_{0,кест}} \quad (1.45)$$

$$\Delta P_c = \left(\frac{Q}{Q_c}\right)^2 \cdot \Delta P_{ж} \cdot \frac{P_{2,кест}}{P_2} \cdot \frac{\rho_0}{\rho_{0,кест}} = \left(\frac{1633}{15000}\right)^2 \cdot 5 \cdot \frac{0,695}{0,295} = 0,139 \text{ кПа}$$

6 Газдың құбырлардағы жылдамдығын анықтаймыз

а) қысым реттегішке дейінгі ( $D=100\text{мм}$ )

$$W_0 = \frac{Q}{F} \cdot \frac{10^4}{3600} \cdot \frac{P_0}{P} \quad (1.46)$$

$$W_0 = \frac{Q}{F} \cdot \frac{10^4}{3600} \cdot \frac{P_0}{P} = \frac{1633}{79} \cdot \frac{10^4}{3600} \cdot \frac{0,1}{0,19} = 23 \text{ м/с};$$

б) қысым реттегіштен кейінгі

$$W_0 = \frac{Q}{F} \cdot \frac{10^4}{3600} \cdot \frac{P_0}{P} = \frac{1633}{79} \cdot \frac{10^4}{3600} \cdot \frac{0,1}{0,103} = 55 \text{ м/с}.$$

7 Қысым жұмсалуды.

а) қысым реттегішке дейінгі

